

2014 жылға Ерейментау ауданындағы халықтың нысаналы топтарға жататын тұлғалардың қосымша тізбесін белгілеу туралы

Ақмола облысы Ерейментау ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 20 желтоқсандағы № а-12/641 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 15 қаңтарда № 3961 болып тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңы 5 бабының 2 тармағына сәйкес, Ерейментау ауданының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. 2014 жылға Ерейментау ауданындағы халықтың нысаналы топтарға жататын тұлғалардың қосымша тізбесі белгіленсін:

- 1) ұзақ уақыт жұмыс істемейтін тұлғалар (бір жылдан артық);
- 2) жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар;
- 3) туберкулездік, онкологиялық аурулар, жүрек-қан тамырларының ауруларымен ауыратын, жұқтырылған иммун тапшылығының синдромымен, адамның иммун тапшылығы вирус инфекциясы жұқтырылған тұлғалар;
- 4) маусымдық жұмыстардың аяқталуына байланысты еңбек шартының мерзімі аяқталған тұлғалар;
- 5) бұрында жұмыс істемеген тұлғалар (жұмыс өтілі жоқ).

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары **Т.Қ.Омурзақовқа** жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ерейментау аудан әкімінің м.а.

Н.Мұқатов